

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**Заң факультеті**

**5В030400-Кеден ісі**

**СИЛЛАБУС**

--- курсы, к/б, --- семестрі (күзгі), 3 кредит, таңдаулы  
Күзгі семестр 2017-2018жж.

Пән коды	Пән атауы	Түрі	Кол-во часов в неделю			Кредит саны	ECTS
			Лек	Практ	Лаб		
<b>RKBR 4316</b>	<b>Қазақстан Республикасы кеден саясатының құқықтық негіздері пәні</b>	ОК	2	1		3	5
<b>Пәннің қысқаша сипаттамасы:</b>	<b>Кеден саясатының құқықтық негіздері</b> таңдау бойынша базалық пән болып табылады. Пәнді оқытуды Заң факультеті Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасымен жүргізіледі.						
<b>Дәріс оқушы</b>	Адилгазы Серикхан аға оқытушы			<b>Офис-часы</b>	<b>Кесте бойынша</b>		
<b>e-mail</b>	serikhan@mail.ru						
<b>Телефондар</b>				<b>Аудитория</b>	323		
<b>Пән сипаттамасы</b>	“ҚР кеден саясаты” курсы зерделеу міндеттері- Қазақстан Республикасы кеден құқығы тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің, кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың, кедендік режимдерді қолданудың, кедендік төлемдерді, салықтарды алудың, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізудің тәртібі мен шарттарын, мемлекет пен сыртқы экономикалық және өзге де қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың арасындағы билік қатынастарына негізделген кеден саясатын іске асырудың басқа да құралдарын қамтиды. Қазақстан Республикасы кеден құқығы курсының міндеттері: Студенттерді кеден ісін ұйымдастырумен байланысты нормативтік құқықтық актілермен таныстыру және олары басшылыққа ала отырып жұмыс істеуге үйрету; Осы арнайы курс бойынша теориялық білім беру.						

<p><b>Пәнді оқытудың мақсаты және міндеттері</b></p>	<p>Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметтерін либерализациялау сыртқы рынокка шығушы кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің, сондай-ақ жекелеген кәсіпкерлердің шеңберін кеңейте түсті. Осыған байланысты халықаралық тауарлар, жұмыстар, қызметтер, ақпараттар, сипаткерлік қызмет нәтижелерін алмасу салаларында мемлекеттік реттеудің ролі де елеулі өсе түсуде. Сондықтан мемлекет кеден ісі және кеден саясаты түсініктерімен қамтылатын кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлардың және көлік құралдарының өтуінің кедендік режимін бекітеді, кедендік төлемдерді алады, кеден ережелерін бекітеді, кедендік төлемдерді алады, кеден ережелерін бекітеді және басқа да көптеген басқару және реттеу қызметтерін жүзеге асырады. Кеден ісі мен кеден саясаты сыртқы экономикалық қызмет аясындағы құрам болып қана қалмай, басқа мемлекеттермен жаңа үлгідегі экономикалық байланыстар қалыптастырудың дәнекері болып табылады</p>
<p><b>Пәнді оқу нәтижесінде студент мыналарды игеруі тиіс:</b></p>	<p>Пәнді оқу барысында студенттер мыналарды білуі тиіс: кеден заңдарының толықтай ішкі құрылымдарына сәйкес кеден құқығының негізгі институттарын оқып-игеру: кеден органдары қызметтерінің мақсаттарын, міндеттерін, құқықтық нысандары мен тәсілдерін, сондай-ақ кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу тәртіптерін, кедендік төлемдер алу, жүктерді декларациялау мен рәсімдеу, кедендік және валюталық бақылау және басқа да кедендік операциялар, кеден заңдарын бұзғандық үшін құқықтық жауапкершілікке тартуға байланысты туындаған қатынастар, сондай-ақ кеден органдары әрекеттеріне шағымдану негіздері мен тәртіптері және т.б.</p>
<p><b>Оқу нәтижесі</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кәсіби тәжірибедегі ғылыми зерттеу саласындағы ғылыми пәннің қазіргі жағдайын бейнелейтін талпыныстар, тенденциялар мен проблемалардың білімен терең жүйелі білуі шарт;</li> <li>2. Жалпы ғылыми тәсілдерді, сондай-ақ өздерінің ғылыми зерттеулеріне қолданылатын арнайы тәсілдерді түсіну және білу;</li> <li>3. Тәжірибелік тұрғымен қатар бар білімдегі түпнұсқалық түсіну және жаңа білімді құрау мен бейімдеуге қатысты да зерттеу тәсілдері мен талдауды ғана қолдана білуі қажет;</li> <li>4. Құқық теориясында заң догматтары мәселелерін, яғни құқық негіздерін, нормативтік-құқықтық актілерді, құқық нормаларының элементтерін, құқықтық қатынастарды, құқықтық сана мен мәдениетті, заң алдындағы жауаптылықты және тағы басқа мәселелерді зерттеп анықтайды.</li> <li>5. Игерілген білімдерін қисынды баяндауды, тәжірибеде алған білімдерін қолдана білу қабілетін көрсетуді, талдау әдістерін, заң техникасын түсіну және қолдана білуді, нормативтік-құқықтық актілерді талқылауды меңгереді.</li> <li>6. Мемлекет аумағында және одан тысқары аймақтардағы негізгі экономикалық оқиғаларға талдау жасау қабілетін арттыру, кәсіби және әлеуметтік-мәдени салада өзара қарым-қатынасты ұштастыру мақсатында мемлекеттік және шетел тілін игереді.</li> </ol>

<p><b>Әдебиеттері</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кеден Одағының Кеден кодексі. Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың мемлекеттер басшыларының деңгейіндегі мемлекетаралық кеңесінің (кеден одағының жоғарғы органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы шешімімен қабылданған Кеден одағының кеден кодексі туралы шартқа қосымшамен бекітілді. Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарт ҚР 2010 жылғы 25 маусымдағы №293-4 Заңымен ратификацияланды. 2010 жылғы 1 шілдеден күшіне енді.</li> <li>2. Қазақстан Республикасының Кеден ісі туралы Кодексі, Қазақстан Республикасының 2010 жыл 30 маусымдағы №296-IV Заңымен қабылданған, 3 шілде 2010 жылы Егемен Қазақстан газетінде жарияланды.</li> <li>3. Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуінің кейбір мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 наурыздағы № 217 Қаулысы (2008.31.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).</li> <li>4. Алибеков С. Т. "Қазақстанның кеден құқығы: жалпы және ерекше бөлім". – Алматы, 2008жыл.</li> <li>5. Бекашев К., Моисеев Е., Таможенное право. Учебник // Москва, 2011</li> <li>6. Таможенное дело: учебник/ Н. Д. Эриашвили [и др.] ; ред. Н. Д. Эриашвили. - М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2011.</li> <li>7. <b>Онлайн қол жетімді:</b> Оқу пәні бойынша қосымша деректер univer.kaznu.kz. сайтында ПОӘК бөлімінде беріледі.</li> </ol>
<p><b>Пәннің ұйымдастырылуы</b></p>	<p>Таңдалған кәсіптік қызметке қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты сараптамалық әдістер мен тәсілдерді игеру, құқықтық көмекті өкілеттік шегінде және кәсіби жүзеге асыру және оны дамыған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тәжірибесін енгізу.</p>
<p><b>Курстың талаптары</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тиісті курсты оқу барысында студенттер барлық дәріске қатысып, алдын-ала берілген семинар сабақтарында жауап беруі керек. Төменде көрсетілген кестеге сәйкес, әрбір аудиториялық сабаққа алдын ала дайындалу керек. Дайындық, тақырып талқыланатын сабаққа дейін аяқталуы тиіс. Дәлелді себептермен семинар сабақтарына қатыспаған студенттер оқытушының рұқсатынан кейін қосымша уақытта қатыспаған сабақтарын қайталап ауызша тапсыруы керек. Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген студенттер емтиханға жіберілмейді</li> <li>2. Пән кестесінде көрсетілгендей үй тапсырмасы бүкіл семестрге бөлінеді. Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.</li> <li>3. Студенттер сабаққа кешікпей келуі керек, дөрекі-өрескел мінез көрсетпеуі тиіс, сабақ жүріп жатқан кезде ұялы телефондарын сөндірулі болуы керек. Сабақта толерантты болып, яғни өзгенің пікірін сыйлауы міндетті. Қарсылығын әдепті күйде білдіруі қажет.</li> <li>4. Өзінің интеллектісін дербес дамыта білуі және ойлау қабілетін кеңейтуі үшін, шығармашылық қызметке қызығушылығы болуы керек, үздіксіз өзін - өзі жетілдіру қажеттілігі болуы қажет. Рефераттар, презентациялар студенттермен жеке жазбаша түрде орындалып, ауызша қорғалуы керек. Бағалау кезінде студенттердің сабақтағы белсенділігі</li> </ol>

	<p>мен сабаққа қатысуы ескеріледі.</p> <p>5. Семестр барысында студенттердің 4 СӨЖ тапсыруы қарастырылған. 1 және 2 СӨЖ-ді орындау бірінші аралық бақылауда қарастырылады. Ол мемлекет теориясына арналып 25 балдан бағаланады. СӨЖ-н жазу барысында тарихи, салыстыру, қисындық әдістерді қолдана отырып жазбаша нысанда орындайды. 3, 4 СӨЖ-дерді тапсыру екінші аралық бақылауда жүзеге асырылады. Ол құқық теориясына арналып, нормативтік актілерді талдау негізінде орындалады, нормативтік реттелуіне талдау жасай отырып өзі түйген жеке көзқарасын білдіруін талап етеді. Плагиат және басқа да әділсіздіктерге тыйым салынады. СӨЖ, бақылау жұмыстарын және қорытынды емтихан тапсыру кезінде көшіру мен сыбырласуға, өзге біреу шешкен ситуациялық есептерді көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тыйым салынады.</p> <p>Үй жұмысын орындау кезінде келесі ережелер сақталуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Үй жұмысы белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс.</li> <li>• Оқып зерттелген нормативтік актілерді, қосымша материалдарды дұрыс қолдана және түсіндіре білулері қажет.</li> <li>• Егер үй жұмысын өзге студентпен бірлесе жасаса, әркім нақты сұрақ бойынша (бір тапсырма) жұмыс істейтін болуы керек.</li> <li>• Егер тапсырма бағдарлама жазуды талап етсе, оны қолмен жазу жеткілікті, компьютерге енгізудің қажеті жоқ.</li> </ul>																																
<b>Бағалау саясаты</b>	<table border="1" data-bbox="454 949 1536 1238"> <thead> <tr> <th data-bbox="454 949 1062 1021"><b>Өзіндік жұмыстың сипаттамасы</b></th> <th data-bbox="1062 949 1176 1021"><b>%</b></th> <th data-bbox="1176 949 1536 1021"><b>Оқыту нәтижелері</b></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="454 1021 1062 1061">Үй тапсырмалары</td> <td data-bbox="1062 1021 1176 1061">35%</td> <td data-bbox="1176 1021 1536 1061">1,2,3,4,5,6</td> </tr> <tr> <td data-bbox="454 1061 1062 1102">СӨЖ</td> <td data-bbox="1062 1061 1176 1102">20%</td> <td data-bbox="1176 1061 1536 1102">2,3,4,5</td> </tr> <tr> <td data-bbox="454 1102 1062 1142">Бақылау жұмысы</td> <td data-bbox="1062 1102 1176 1142">5%</td> <td data-bbox="1176 1102 1536 1142">3,4,6</td> </tr> <tr> <td data-bbox="454 1142 1062 1182">Емтихан + Midterm</td> <td data-bbox="1062 1142 1176 1182"><u>40%</u></td> <td data-bbox="1176 1142 1536 1182"><u>1,2,3,4,5,6</u></td> </tr> <tr> <td data-bbox="454 1182 1062 1238"><b>БАРЛЫҒЫ</b></td> <td data-bbox="1062 1182 1176 1238">100%</td> <td data-bbox="1176 1182 1536 1238"></td> </tr> </tbody> </table> <p data-bbox="454 1238 1536 1279">Сіздің қорытынды бағаңыз келесідей формула бойынша есептеледі</p> $  \text{Пән бойынша қорытынды баға} = \frac{PK1 + PK2}{2} \cdot 0,6 + 0,1MT + 0,3AB = 100\%  $ <p data-bbox="454 1350 1536 1391">Төменде бағалар пайыз түрінде берілген:</p> <table border="0" data-bbox="454 1391 1536 1693"> <tr> <td data-bbox="454 1391 790 1453">95% - 100%: A</td> <td data-bbox="790 1391 1117 1453">90% - 94%: A-</td> <td data-bbox="1117 1391 1536 1453"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="454 1453 790 1516">85% - 89%: B+</td> <td data-bbox="790 1453 1117 1516">80% - 84%: B</td> <td data-bbox="1117 1453 1536 1516">75% - 79%: B-</td> </tr> <tr> <td data-bbox="454 1516 790 1579">70% - 74%: C+</td> <td data-bbox="790 1516 1117 1579">65% - 69%: C</td> <td data-bbox="1117 1516 1536 1579">60% - 64%: C-</td> </tr> <tr> <td data-bbox="454 1579 790 1641">55% - 59%: D+</td> <td data-bbox="790 1579 1117 1641">50% - 54%: D-</td> <td data-bbox="1117 1579 1536 1641">0% -49%: F</td> </tr> </table>			<b>Өзіндік жұмыстың сипаттамасы</b>	<b>%</b>	<b>Оқыту нәтижелері</b>	Үй тапсырмалары	35%	1,2,3,4,5,6	СӨЖ	20%	2,3,4,5	Бақылау жұмысы	5%	3,4,6	Емтихан + Midterm	<u>40%</u>	<u>1,2,3,4,5,6</u>	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	100%		95% - 100%: A	90% - 94%: A-		85% - 89%: B+	80% - 84%: B	75% - 79%: B-	70% - 74%: C+	65% - 69%: C	60% - 64%: C-	55% - 59%: D+	50% - 54%: D-	0% -49%: F
<b>Өзіндік жұмыстың сипаттамасы</b>	<b>%</b>	<b>Оқыту нәтижелері</b>																															
Үй тапсырмалары	35%	1,2,3,4,5,6																															
СӨЖ	20%	2,3,4,5																															
Бақылау жұмысы	5%	3,4,6																															
Емтихан + Midterm	<u>40%</u>	<u>1,2,3,4,5,6</u>																															
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	100%																																
95% - 100%: A	90% - 94%: A-																																
85% - 89%: B+	80% - 84%: B	75% - 79%: B-																															
70% - 74%: C+	65% - 69%: C	60% - 64%: C-																															
55% - 59%: D+	50% - 54%: D-	0% -49%: F																															
<b>Академиялық саясат</b>	<p data-bbox="454 1693 1536 1832">Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.</p> <p data-bbox="454 1832 1536 2024">Орынды себептермен зертханалық сабақтарға қатыспаған студенттер оқытушының рұқсатынан кейін лаборанттың қатысуымен қосымша уақытта зертханалық жұмыстарды орындауға болады. Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген студенттер емтиханға</p>																																

	<p>жіберілмейді</p> <p>Бағалау кезінде студенттердің сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі. Толерантты болыңыз, яғни өзгенің пікірін сыйлаңыз. Қарсылығыңызды әдепті күйде</p> <p>білдіріңіз. Плагиат және басқа да әділсіздіктерге тыйым салынады. СӨЖ, аралық бақылау және қорытынды емтихан тапсыру кезінде көшіру мен сыбырлауға, өзге біреу шығарған есептерді көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тыйым салынады. Курстың кез келген мәліметін бұрмалау, Интранетке рұқсатсыз кіру және шпаргалка қолдану үшін студент «F» қорытынды бағасын алады.</p>
--	--

### ПӘННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Апта	Тақырыптың аталуы	Сағат саны	Бағасы
<b>1 Модуль</b>			
1	<b>1 дәріс.</b> Кеден саясатының негізгі түсініктері, пәні, міндеттері және жүйесі.	2	
	<b>1 практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	1	6
2	<b>2 дәріс.</b> Кеден саясаты мемлекеттің ішкі және сыртқы саясты жүйесінде	2	
	<b>2-практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	1	6
3	<b>3 дәріс.</b> Кедендік құқықтық қатынастар	2	
	<b>3-практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	1	6
	<b>1 СӨӨЖ.</b> Кеден одағының кедендік тарифтері туралы реферат		25
<b>2 Модуль</b>			
4	<b>4 дәріс.</b> Тауарлардың кедендік рәсімдері	2	
	<b>4 практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	1	6
5	<b>5 дәріс.</b> Кедендік төлемдер және салықтарға байланысты кеден саясаты	2	
	<b>5 практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	1	6
	<b>2 СӨӨЖ.</b> POWER POINT бағдарламасы бойынша презентация		25

6	<b>6-дәріс.</b> Кеден шекарасы арқылы тауарлар және көлік құралдарын өткізу тәртібі	2	
	<b>6-практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	1	6
7	<b>7-дәріс.</b> Кедендік және валюталық бақылау саясаты	2	
	<b>7-практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	1	6
	<b>Бақылау жұмысы</b>		8
<b>МОДУЛЬ 2</b>			
8	<b>8 дәріс.</b> Кеден заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік	2	
	<b>8 практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	1	6
9	<b>9 дәріс.</b> Кеден саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастық	2	
	<b>9 практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	1	6
10	<b>10 дәріс</b> Кеден құқығының қайнар көздері және олардың жіктелуі. Халықаралық құқықтық актілер кеден құқығының қайнар көздері ретінде.	2	
	<b>10 практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	2	6
	<b>3 СООЖ.</b> Курс бойынша 50 терминнен кем емес ұғымды қамтыған глоссарий		25
11	<b>11 дәріс</b> Халықаралық кеден құқығының негізі. Европалық Кеден Одағы	2	
	<b>11 практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	1	6
12	<b>12-дәріс.</b> ҚР кеден кодексіне жалпы сипаттама	2	
	<b>12- практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	1	6
13	<b>13 дәріс.</b> Алдын ала жасалатын операциялар және алдын ала шешім	2	
	<b>13 практикалық (зертханалық) сабақ.</b>	1	6

14	14 дәріс. Тауарлардың шығарылған елі. Жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдері.	2	
	14 практикалық (зертханалық) сабақ..	1	6
	4 СОӨЖ. Тауарлардың шығарылған елі. Жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдері		10
	бақылау жұмысы		8
	<b>Емтихан</b>		<b>100</b>
	<b>Барлығы</b>		<b>400</b>

Факультет деканы

Әдістеме бюросының төрағасы

Кафедра меңгерушісі

Дәріс беруші

Байдельдинов Д.Л

Урисбаева А

Жатқанбаева А.Е

Қожабек Қ